

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Қазақстанның денсаулық сақтауы" журналының Баспа үйі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қаңтар N 20

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Қазақстанның денсаулық сақтауы" журналының Баспа үйі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Қазақстанның денсаулық сақтауы" журналының Баспа үйі" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қоғамның жарғысын бекіткен кезде қызметінің негізгі мәні: баспа қызметімен айналысу, Қазақстан ғалым медиктерінің озық ғылыми және практикалық тәжірибесін, теориялық табыстары мен жетістіктерін насихаттау және көпшілікке тарату, нормативтік құжаттарды жариялау; жарнамалық қызметтерді көрсету деп белгілесін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды орындағаннан кейін, жарғылық капиталдың 25 пайызы мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-61-жолмен толықтырылсын:

"123-61 "Қазақстанның денсаулық сақтауы" журналының Баспа үйі" ЖАҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымша да :

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" бөлімінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 226-3-жолмен толықтырылсын:

"226-3 "Қазақстанның денсаулық сақтауы" журналының Баспа үйі" ЖАҚ";

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1117

қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*